

**Қарасу негізгі мектебінің 2022-2023 оқу жылында 7,8-сыныппен
жүргізілген тәрбие жұмысының талдауы.**

2022-2023 оқу жылын 7,8- сынып 10 оқушымен бастады. Бұл 2- сынып біріктірілгендіктен екі сыныпқа бір сынып жетекшісі тағайындалған. Сыныпта 6-ер бала және 4-қыз бала бар.

Үздік оқушы саны: 1 (Жұмабекқызы Көркем- 7сынып)

Екпінді оқушы саны: 4 (Жұмашев Асфандияр-7, Нұрсейітқызы Ақжүніс-7, Қыдырбаева Гүлсима-8, Төлеубаев Архат-8).

Оқу жылы сыныптың оқушыларының жаңа оқу жылына дайындығын бақылаумен басталды. Оқушылардың мектепке материалдық жағынан даярлығы тексеріліп, ата-аналармен байланыс жасалып, хабарлар алынды. 1 қыркүйек білім күніне орай алғашқы оқу жылы «Тәуелсіздік жетістіктері» атты білім сағатымен басталды. Тәрбие бағыты бойынша 2022-2023 оқу жылының тәрбие сағаты тақырыптары бекітілді. Сынып сағаттары түрлі форматта өткізілді. Сынып оқушыларының ата-аналарымен үнемі офлайн, онлайн (ватсап желісі) форматта байланыста болып, түрлі іс-шараларға, мектеп әкімшілігі ұйымдастырған түрлі жоспарлы жұмыстарына (триннинг, сауалнама, дөңгелек т.б.) бала тәрбиесіне қатысты түрлі қатынас негізінде болған жиналыстарға (оқушыларды қатігездікке баулитын ойындардың алдын алу және тиым салу, кибербуллинг туралы түсінік беру, әртүрлі тақырыптағы баяндамалар т.б.) қатынастырып пікірлер алмастырып отырды. Сондай-ақ мектепте қыздар және ұлдар секциялары жұмыс жасайды. Олардың өз жоспарларына сәйкес жұмыстар жасалынып, түрлі тақырыпта оқушылармен әр түрлі форматтағы жұмыстарға сынып оқушылары қатынасты. Мысалы: Кибербуллинг деген не? , Жыныстық тәрбие, Жас ерекшеліктеріне байланысты өзгерістер және т.б.

Тәрбие жұмысының негізі – оқу үдірісіне барлық қатысушылардың бірлескен шығармашылық қызметі. Осы орайда оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектеп үйірмелері жоспарға сай, уақытылы жұмыс жасап отырды.

Оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатындағы сынып оқушылары төмендегі үйірме жұмыстарына қатынасты.

«Балалар және театр» үйірмесі	«Қолкүрес» үйірмесі	«Дебат» үйірмесі	Би үйірмесі
3	3	2	4

Үйірмелерге қатысымы жөнінен 1-оқушы екі үйірмеге де қатынасқан оқушылар болды.

Оқушылардың жыл бойына сабаққа қатысымын қадағалау:

қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан	қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	Мамыр
100 %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %

Тәрбие сағаттарына тәрбие бағыттарының қамтылуы:

Тәрбие бағыттары	Өтілген тәрбие сағаттарының саны
Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	6
Рухани – танымдық тәрбие	4
Ұлттық тәрбие	4
Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	3
Отбасылық тәрбие	4
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	5
Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	5
Зияткерлік және ақпараттық мәдениет тәрбиесі	2

Тәрбие бағыттары бойынша сынып сағаттары уақытында өткізілді.

Келесі оқу жылына аланған шешімдер:

- Жаңа оқу жылында ата-аналармен ортақ жұмысты одан әрі жандандырып, ата-аналар жиналысына 100 пайыз қатынасуды қамтамасыз ету;
- Оқушылардың сабаққа қатысымын жете қадағалап, ата-аналарымен тығыз байланыста болу;
- Оқушылардың өзін-өзі бағалауын, өзін-өзі қадағалауын қалыптастыру;

Сынып жетекшісі: Нурғалиева Алтынай Жалеловна.